

"Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 1993 жылғы 22 қазан N 2474. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2001.07.16. N 243 Заңымен. ~ Z010243

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылышы туралы"

Қазақстан Республикасының Заңы Z933200_ жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

2. "Мемлекеттік қала құрылышы кадастры" деп аталатын 21-бабы 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгізілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Заң қабылданғаннан кейін бір ай мерзімде:

- Қазақстан Республикасы Укіметінің шешімдерін "Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтіру;

- Қазақстан Республикасы министрліктері мен ведомстволарының осы Заңға қайшы келетін қалыптық құжаттарын қайта қарап, олардың күшін жоюды қамтамасыз ету;

- 1994 жылғы 1 сәуірге дейін "Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдану жөніндегі қажетті қалыптық құжаттарды қабылдау;

- 1995 жылғы 1 қаңтарға дейін Мемлекеттік қала құрылышы

кадастрын жүргізу үшін тиісті материалдық-техникалық база мен қызметтерді әзірлеу жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асыру тапсырылсын.

4. Алдағы уақытта Қазақстан Республикасының заңдары "Қазақстан Республикасындағы сәулет және қала құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес келтірілгенге дейін осы Заңға қайшы келмейтін Қазақстан Республикасының тиісті заң құжаттары қолданылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Қеңесінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК